

Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 1254 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1349 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі), "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Шарап материалдары мен сыраны қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау ережесі бекітілсін.

2. 2004 жылғы 10 желтоқсаннан бастап осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша шарап материалдары мен сыраны қоспағанда, алкоголь өнімін (бұдан әрі - алкоголь өнімі) есепке алу-бақылау таңбаларымен міндетті түрде таңбалау е н г і з і л с і н .

2-1. 2007 жылғы 15 сәуірден бастап алкогольдік өнімді жаңа үлгідегі есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау енгізілсін.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.11. N 177 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

2-2. Ескі үлгідегі есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау 2007 жылғы 1 маусымға дейін жүргізіледі.

Ескерту. 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.11. N 177 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

3. Алкоголь өнімін өндірушілер мен импорттаушылар, алкоголь өнімін сақтауды және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар отандық және импорттық өндірістің алкоголь өнімін ескі үлгідегі есепке алу-бақылау

таңбаларымен сақтауды және сатуды 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырады деп белгіленсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.03.11. N 177 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2007.12.28. N 1313 , 2008.08.28 N 783 (2008 жылғы 30 маусымынан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

4. Алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалауды алкоголь өнімін отандық өндірушілер, банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар мен импорттаушылар жүзеге асырады деп белгіленсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті:

1) импортталатын алкоголь өнімі бойынша келісім-шарттардың есебін міндетті түрде жүргізе отырып, алкоголь өнімін өндірушілерден, банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылардан және импорттаушылардан жаңа үлгідегі есепке алу-бақылау таңбаларын сатып алуға өтінімдер жинауды қамтамасыз етсін;

2) 2007 жылғы 1 мамырға дейін есепке алу-бақылау таңбаларын дайындайтын ұйымды айқындайтын тендер өткізсін және тендердің жеңімпазымен есепке алу-бақылау таңбаларын дайындауға шарт жасассын;

2-1) есепке алу-бақылау таңбаларын пайдалана отырып, алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымына бақылау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Банкнот фабрикасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен есепке алу-бақылау таңбаларын дайындауға тендердің жеңімпазынан алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау таңбаларының бірінші легі алынғанға дейін есепке алу-бақылау таңбаларын дайындауға шарт (келісім) жасассын;

3) есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру тәртібін әзірлесін және бекітсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 , 2007.03.11. N 177 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

3

желтоқсандағы

№ 1254 қаулысымен

бекітілген

Шарап материалдары мен сыраны қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 21 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және шарап материалдары мен сыраны қоспағанда, алкоголь өнімін (бұдан әрі - алкоголь өнімі) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау тәртібін айқындайды.

2. Алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау тәртібі

2. Есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалауға нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес тұтынушы ыдысына құйылған алкоголь өнімі жатады.

3. Алкоголь өнімін өндірушілер есепке алу-бақылау таңбаларын Қазақстан Республикасының аумағында сатуға арналған дайын өнімге желімдеуді өндіріс процесінде не өзінің аумағындағы басқа оқшауланған орында таңбалау үшін белгіленген технология бойынша жүргізеді.

4. Тауарларды еркін айналыс үшін шығару кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде не Қазақстан Республикасының кеден органдары белгілеген орында жүзеге асырылады.

4-1. Банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар конкурстық массаға енгізілген акцизделетін тауарларды есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалауды өзінің аумағындағы оқшауланған орында таңбалау үшін белгіленген технология бойынша жүргізеді.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. № 495 қаулысымен.

5. Есепке алу-бақылау таңбаларымен міндетті түрде таңбалауға жататын алкоголь өнімі есепке алу-бақылау таңбаларымен осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша таңбаланады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.03.11. № 177 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Мыналар:

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспортталған;
Қазақстан Республикасының кедендік аумағына "бажсыз сауда дүкені", "кеден қоймасы" кедендік режимдерінде әкелінген;

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына "тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу" және "тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету" кедендік режимінде, жалғыз даналарда жарнама және (немесе) көрсету мақсатында әкелінген;

"тауарлар транзиті" кедендік режимінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткізілген;

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген акцизсіз әкелу нормалары шегінде жеке тұлғалар әкелген (жіберген) алкоголь өнімі есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалануға жатпайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген және есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалауды көздемейтін кедендік режимдерде ресімделген алкоголь өнімі олар Қазақстан Республикасының кеден аумағында сатылған жағдайда есепке алу-бақылау таңбаларымен міндетті түрде таңбалануға жатады.

8. Есепке алу-бақылау таңбасы сыйымдылықтың бүйір бетіне, ол сыйымдылыққа қиғаштыққа, бүгілуге жол берілмейтіндей етіп жақсы жабысатындай түрде желімделеді, жеңіл сәйкестендіруді және штрих-кодтық ақпаратты оқитын құрылғымен тұрақты түрде оқуды қамтамасыз етуі тиіс.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шарап материалдары мен сыраны қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау ережесіне қосымша

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.11. N 177 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау таңбасының нысаны

(суреттің нұсқасын қағаз мәтіннен қараңыз)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 3 желтоқсандағы
N 1254 қаулысына
қосымша

Есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалануға жататын алкоголь өнімінің тізбесі

Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының коды	Алкоголь өнімдерінің атауы
2204 (220430-дан басқа), 2205, 220600-ден	Шараптар, маркалы шараптар, коллекциялық шараптар, шымырлама шараптар, шампан, шарап сусындары
2208	Арақтар мен айрықша арақтар, коньяктар, брендилер, ликер-арақ өнімдері, өзге де күшейтілген алкогольді сусындар, өзге де әлсіз алкогольді сусындар

Ескерту. Алкоголь өнімінің номенклатурасы сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының кодымен де, алкоголь өнімінің атауымен де айқындалады.